

"Қарқаралы ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" Қарқаралы аудандық мәслихатының 2021 жылғы 09 қарашадағы № VII 11/86 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Қарқаралы аудандық мәслихатының 2023 жылғы 14 қыркүйектегі № VIII-9/69 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 18 қыркүйекте № 6482-09 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы аудандық мәслихатының 2026 жылғы 26 тамыздағы № VIII-57/446 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы аудандық мәслихатының 26.08.2026 № VIII-57/446 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қарқаралы аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қарқаралы аудандық мәслихатының "Қарқаралы ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" 2021 жылғы 09 қарашадағы № VII-11/86 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 25363 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасының 2 тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Тұрғын үй сертификаттары:

әлеуметтік көмек ретінде қарыз сомасының 10% мөлшерінде, бірақ 1,5 миллион (бір миллион бес жүз мың) теңгеден аспайтын мөлшерде;

әлеуметтік қолдау ретінде қарыз сомасының 10%, мөлшерінде, бірақ 1,5 миллион (бір миллион бес жүз мың) теңгеден аспайтын мөлшерде айқындалсын." ;

көрсетілген шешімнің қосымшасының 3 тармағының 1 тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"1) Мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар;"

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарқаралы аудандық мәслихатының төрағасы

С. Оспанов

